«6D052000 – Іскерлік әкімшілік» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін А.А. Чейрхановаңың «Қазақстан Республикасы агробизнес субъектілерінің кооперациялық байланыстарын басқару» атты тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Еліміздің соңғы жылдардағы ұстанып отырған саясаттарының қатарына агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағытын жатқызуға болады. Өйткені Үкімет ауыл шаруашылығы біздің негізгі ресурсымыз бола тұра оның әлеуетін әлі де тиімді пайдаланбай отырғандығын, органикалық және экологиялық таза өнім өндіруде мүмкіндіктерімізді пайдалану қажеттігін айқындап берді.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 5 қазан 2018 жылы Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстандықтардың әл–ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауында еліміздегі агроөнеркәсіптік кешенінің әлеуетін тиімді жүзеге асырудың жолдарының бірі: «Еңбек өнімділігін және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын 2022 жылға қарай 2,5 есе көбейту» делінген. Осындай мүмкіншіліктерді толық пайдалана алатынымызды Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылдың 2 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына Жолдауында«Ел ішінде ғана емес, шетелде де сұранысқа ие органикалық және экологиялық таза өнім өндіру үшін зор мүмкіндіктер бар. Бұл ауыл шаруашылығы өнімінің көлемін 4,5 есе арттыруға мүмкіндік береді» деп ауыл шаруашылық саласының мүмкіндіктерін ашып айтқан болатын.

Осындай қойылған міндеттерді шешу үшін мемлекет аграрлық саланың өндіріс көлемін ұлғайту бойынша үлкен міндеттер жүктейді,олардың бірі ұсақ және орта шаруашылықтарды ауыл шаруашылығы кооперациясына шоғырландыру.Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2017–2021 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы осы міндеттерді шешуде дамыту жұмыстарына басымдық береді.

Қазіргі таңда агроөнеркәсіп кешенінің үйлесімділігін, ауылшаруашылығы өнімдерінің бәсекелік қабілеттілігін және әлеуетін арттыруданарық үрдісінің негізгі көзіагробизнесболып табылады.Алайда агробизнес субъектілерінің өз-ара байланыстарын ұйымдастыру процесінде туындайтын экономикалық қатынастардың ғылыми түрде зерттелмегендігі бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Сондықтан ауыл шаруашылығында өндірісті тиімді басқарудың жеткіліксіздігі және аграрлық секторды басқарудың заманауи әдістерін енгізу қажеттілігінен агробизнестегі шаруашылық субъектілері арасында экономикалық байланыстар орнату мәселесінің өзектілігі артты.

Дамыған елдерде ауыл шаруашылық кооперациясы агробизнестегі тұрақты және тиімді шаруашылық түрлерінің қатарында болып саналады.Халықаралық кооперативтік альянстың деректері бойынша, ауыл шаруашылығы кооперативтерінің үлесіне әлемдік ауыл шаруашылығы

өндірісі мен маркетингтің шамамен үштен бір бөлігі келеді. Осыған байланысты агробизнестің экономикалық жүйесіндегі кооперация тұжырымдамалық маңыздылығы мен практикалық өзектілігі артып келеді.

Агробизнестегі кооперациялық байланыстар мәселелерін зерттеген отандық еңбектер өте аз, сондықтан диссертант өзекті мәселелердің агробизнес субъектілерінің кооперациялық байланыстарын, агробизнестің заманауи жүйесі аграрлық қатынастарды дамытуда ерекше рөл атқаратын –ауыл шаруашылығы кооперациясын қарастырған. Ауыл шаруашылығы саласыда бұл мәселелерді ауқымды зерттелуін, оны дамытудың теориясы мен тәжірибесін қарастыруды талап етеді.

Дисертант осы өзекті мәселерге сәйкес қойылған мақсаттың есептерін толық шеше білді.Қазақстанның агробизнесін дамытудың әлеуеттік мүмкіндіктерін зерттеп қазіргі ауыл шаруашылық субъектілерінің арасындағы қалыптасқан кооперациялық байланыстарына және басқару мәселелерін нақтылап талдау жасаған.Бүгінгі күні аграрлық сектор қызметі нарық жағдайында бизнес деңгейінде даму жолына түспеді.

Осыған байланысты аграрлық секторды тұрақты дамыту және бизнестік қызығушылығын арттыру арқылы дамытудың оңтайлыжолы–жүйелілік тәсілді ұсынған. Агробизнесті дамыту үшін оның субъектілерінің кооперациялықөзара қарым қатынастарын жүйелі түрде қалыптастыруүшін агробизнес жүйесін құруды ұсынып, оған авторлық түсініктеме берген.Агробизнес жүйесінің субъектілер қызметінің кооперациялық байланысының бизнес– моделін құрып, оныңқағидаларын және тиімділігін жетілдіру жолдарын қарастырған.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы қойылатын талаптарға сәйкес. Ғылыми зерттеулер мен нәтижелерагробизнес субъектілерінің кооперациялық байланыстарын зерттеуге және оларды басқарудың жүйелік тетігін қалыптастыруға бағытталған. Осы орайда диссертация тақырыбы өзекті, зерттеу нәтижелері бүгінгі аграрлық сала үщін қажетті деп есептеймін.

А.А. Чейрхановаңың диссертациялық жұмысынкөпшілік алдына қорғауға ұсынуға және «6D052000–Іскерлік әкімшілік» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші, э.ғ.д., профессор,
«Тұран-Астана»университетінің
ғылым және инновация
жөніндегі проректоры **Р.У.Рахметова**

Р.У. Рахметованың
қолы растаймын
Каф. бөлімінің басшысы
Нескоробова